

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 221 Заңы

Мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне /жалпы бөлім/ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар):

1) 41-баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын: "Егер осы Кодексте немесе заңды тұлғалардың жекелеген түрлері туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шартта құрылтайшылар арасында таза табысты бөлудің, заңды тұлға қызметін басқарудың, оның құрамынан құрылтайшылардың шығуының шарттары мен тәртібі де белгіленеді және оның жарғысы бекітіледі."

2) 60-баптың 3-тармағындағы "басқару" деген сөз алып тасталсын;

3) 77 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы ережеден өзгеше жағдайлар осы Кодексте және заң актілерінде көзделуі мүмкін." ;

екінші бөліктегі "төлемеген" деген сөз "салмаған" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың саны елуден аспауға тиіс. Егер жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың саны елуден асып кеткен жағдайда, ол бір жыл ішінде бөлінуге, не бөліп шығарылуға, не өзге де шаруашылық серіктестік немесе өндірістік кооператив болып қайта құрылуға, ал бұл мерзім өткен соң, егер қатысушылар саны елуге дейін азайтылмаса, серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органның немесе өзге мүдделі адамның өтініші бойынша сот тәртібімен таратылуға жатады.";

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жауапкершілігі шектеулі серіктестік өзге де шаруашылық серіктестік немесе өндірістік кооператив болып қайта құрылуға құқылы.";

4) 79 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Серіктестік органдарының құзіреті, сондай-ақ олардың серіктестік атынан шешімдер қабылдау немесе әрекет ету тәртібі осы Кодекске, заң актілеріне және серіктестік жарғысына сәйкес белгіленеді.";

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру шарттарын белгілеу;" ;

5-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) серіктестіктің байқау кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушісін) сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестік тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;" ;

мынадай мазмұндағы 6) -9) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімдерін және серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

7) серіктестіктің өзге де шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес бірлестіктерге қатысуы туралы шешім шығару;

8) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

9) осы Кодекстің 82-бабына сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушысынан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім шығару";

5) 81-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысында өзгеше көзделмесе, қатысушылардың жалпы жиналысы серіктестік мүлкіне қатысушылардың қосымша жарналар енгізуі туралы шешім қабылдай алады. Шешім серіктестіктің барлық қатысушыларының төрттен үш көпшілік дауысымен қабылданады.";

6) 84-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "құрылтай құжаттарында" деген сөздер "жарғыда" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. "Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24, 280-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 11, 143-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 17-18, 218-құжат):

1) 15-баптың атауы мен 1-5-тармақтарындағы, 22-баптың 1-тармағындағы "қорын", "қорға", "қор", "қорындағы", "қордың", "қорына" деген сөздер тиісінше "капиталын", "капиталға", "капитал", "капиталындағы", "капиталдың", "капиталына" деген сөздермен ауыстырылсын .

2) 1 5 - б а п т а :

2-тармақтағы "жарналар", "интеллектуалдық меншікке құқықты" деген сөздер

тиісінше "салымдар", "интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Егер мұндай салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне тең сомадан асып кетсе, оны бағалауды тәуелсіз сарапшы растауға тиіс."

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат):

1) 6-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

2) 7-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркеуші органға жарғы табыс етіледі."

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық серіктестіктері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы N 2255 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 7, 49-құжат; N 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 12, 183,184-құжаттар; N 13-14, 205,210-құжаттар):

1) Жарлықтың мәтініндегі "қор", "қорлар", "қоры", "қордың", "қормен", "қорға" деген сөздер тиісінше "капитал", "капиталдар" "капиталы", "капиталдың", "капиталмен", "капиталға" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) 4-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі "егер заң актілерінде өзгеше тәртіп көзделмесе" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталына салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы мен интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықтық және өзге де мүлік болуы мүмкін.

Жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде салымдар енгізуге жол берілмейді."

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Серіктестікке салым ретінде мүлікті пайдалану құқығы берілген жағдайларда бұл салымның мөлшері құрылтайшы құжаттарда көрсетілген бүкіл мерзімге есептелген пайдалану төлемімен айқындалады."

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жарғылық капиталға құрылтайшылардың (қатысушылардың) заттай нысандағы немесе мүліктік құқықтар түріндегі салымдары барлық құрылтайшылардың келісімі бойынша немесе серіктестіктің барлық қатысушыларының жалпы жиналысының шешімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның құны жиырма

мың айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі балама сомадан асып кетсе, оны бағалауды тәуелсіз сарапшы растауға тиіс.";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Жарғылық капиталға салымдар енгізу тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ жарғылық капиталды құрау бойынша міндеттемелердің орындалмағаны үшін жауапкершілік заң актілерімен және (немесе) құрылтай құжаттарымен белгіленеді.";

4) 28-баптың 1-тармағындағы "заңмен белгіленген ең төменгі жүз есептік көрсеткіш , ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - елу есептік көрсеткіш мөлшерінен" деген сөздер "заңмен белгіленген елу есептік көрсеткіш мөлшерінен" деген сөздермен ауыстырылсын .

5) 57-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "он мың" деген сөздер "екі жүз" деген сөздермен; "бес мың" деген сөздер "жүз" деген сөздермен ауыстырылсын.

6) III және IV тараулар алып тасталсын, V тарау III тарау болып есептелсін, 54-79-баптар тиісінше 37-62-баптар болып есептелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті